


ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕРИАЛДЫ ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЙМЫЗ





Ең басты ерекшелігі сол, мақсатты аудитория – Қазақстан Республикасының барлық жұмыс істейтін тұрғындары. Біз дайындаған материалдар оқырмандар мен көрермендерге міндетті түрде қызықты болады. Өйткені, олардың барлығы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушылары болып табылады.

Ақпараттық жұмысымызда келесі қағидаларды ұстанамыз:



Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтау;



Өзекті мәліметті барынша ұғынықты етіп беру;



Жедел жауап қату. Жұртшылықтың кез келген сұрағына жауап беруге дайын болу;



Ашықтық және бейтараптық ;



Әдеп сақтау және тараптар мүддесін құрметтеу.

✓ Тұрақты түрде ақпараттық хабарламалар таратып тұрамыз, әрі материалды БАҚ пен оның аудиториясы үшін барынша қызықты етіп жазуға тырысамыз. Таратылым тізіміне қосылғыңыз келсе, біздің press@enpf.kz электрондық поштамызға жазыңыз.

✓ Қордан хабарлама алмайтын болсаңыз, барлық ақпараттық хабарламаларды сайтта «Қор туралы» – «Баспасөз орталығы» – «Баспасөз мәлімдемесі» бөлімінен таба аласыз. Мәлімдемелер таратылған күні жария етіледі.

✓ Қор мен БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық Кеңестің соңғы жаңалықтары «Қор туралы» – «Баспасөз орталығы» – «Жаңалықтар» бөлімінде жарияланады. Кеңес жиналысының хаттамалары, фотосуреттер мен таныстырылымдар «Қор туралы» – «Қоғамдық Кеңес» бөлімінде көрсетілген.
Материалға қажет фотосуреттерді «Фото және бейне» бөлімінен таба аласыз.

✓ «PRO ЕНПФ» корпоративтік журналын шығарамыз (электрондық нұсқасы сайтта «Қор туралы» – «Баспасөз орталығы» – «Корпоративтік басылым» бөлімінде жарияланған), материал дайындау кезінде осы журналдағы мақалаларды толықтай немесе ішінара қолдана аласыздар. Ол үшін g.kenbayeva@enpf.kz немесе press@enpf.kz электрондық пошта мекенжайларына жазсаңыз жеткілікті.



ХАТ ЖАЗЫҢЫЗДАР:

БАҚ өкілдерінен сұранымдар press@enpf.kz электрондық поштасына қабылданады. Бір де бір журналистік сауал жауапсыз қалмайды. БАҚ-қа қатысы жоқ блогосфера өкілдерінің сұранымдары да press@enpf.kz электрондық поштасына қабылданады. **Әдетте блогерлер әлеуметтік желіні қолданады, ол дұрыс та.**

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЖАУАП БЕРМЕЙМІЗ:

⊗ Нақты бір салымшылардың жеке зейнетақы шотындағы жинақтарына қатысты сұрақтар. Бұл ҚР «Қазақстан Республикасында Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңымен (57-бап) қорғалатын құпия.

⊗ Мемлекеттік бюджеттен аударылатын зейнетақы туралы ақпаратқа қатысты мәлімет бермейміз – мұндай сауалдарды «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы немесе Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жіберу керек;

⊗ Әлеуметтік төлем туралы ақпаратқа қатысты мәлімет бермейміз – сұранымды «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне, Әлеуметтік сақтандыру Мемлекеттік Қорына жөнелту қажет.

⊗ Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану мәселесі уәкілетті операторлар (екінші деңгейдегі банктер) тарапынан «бір терезе» тәртібінде шешіледі. БЖЗҚ алуға болатын сома туралы мәлімет беріп, уәкілетті оператордан түскен өтініш бойынша қаражатты аударуды ғана жүзеге асырады.

БҰДАН ӨЗГЕ:

⊗ Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қатысты сұрақтарды (құнды қағаздармен келісім-шарт жасасу, олардың себебі мен салдары) – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне жіберген жөн. БЖЗҚ тек есепке алуға қатысты сауалдарға жауап береді.

1. БЖЗҚ қызметі мен электрондық сервисі туралы мәлімет сайтта жарияланған. Осы бөлімдерден Сіз базалық білімді аласыз. Мысалы, БЖЗҚ-дан төлемнің қалай жасалатыны туралы;
2. ҚР Заңдары, Үкімет пен Ұлттық банк қаулылары, түсініктемелер «Зейнетақы заңнамасы» бөлімінде жарияланады;
3. «Қызметтер» бөлімінде – шот ашудан төлем алуға дейінгі БЖЗҚ-ның қызметтері туралы барлық дерек бар.

ӨЗГЕРІС!

- ✓ Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатына қалай пайдаланамыз.
- ✓ Зейнетақы жинақтарын ішінара пайдалану үшін жеткілікті соманы қалай тексеруге болады. Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін сенімгерлік басқаруға аудару.
- ✓ Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімі (компаниялар, олардың инвестициялық декларациялары және комиссиялық сыйақының мөлшері туралы ақпарат).
- ✓ Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ аудару кезіндегі қадамдық нұсқаулық.

4. «Көрсеткіштер» бөлімінде зейнетақы активтері туралы статистика (шот саны, жинақтар мен жарналар сомасы, инвестициялық кіріс мөлшері) және ҚР облыстар, қалалар бойынша зейнетақы жинақтарының көлемі мен зейнетақы шоттарының саны көрсетілген (зейнетақы активтері туралы ағымдағы көрсеткіштер»).

Сайттағы жаңа бөлімдер:

- ✓ Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру;
 - ✓ Тұрғын үй жағдайын жақсартып, емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдері (әрбір жұмыс күні жаңартылады); уәкілетті операторлар бойынша статистика, аймақтар бойынша статистика;
 - ✓ Тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсаттары бойынша біржолғы зейнетақы төлемдері;
5. «Зейнетақы жүйесі туралы» бөлімінде «Әлемнің зейнетақы жүйелері» бөлімшесі бар.




1. Зейнетақы активтері портфелінің құрылымы «Көрсеткіштер» - «Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі құрылымы» бөлімінде жарияланады. Портфельдің егжей-тегжейлі құрылымы «Көрсеткіштер» – «Зейнетақы активтері инвестициялық портфелінің толыққанды құрылымы» бөлімінде автоматты түрде жаңартылып отырады;
2. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару туралы ақпарат «Көрсеткіштер» - «Инвестициялық қызметке шолу» бөлімінде жарияланады. Бұл бөлім «Инвестициялық қызметке қысқаша шолу» атты кестелік талдаумен толықтырылған.

Бұл екі бөлімде зейнетақы активтерін ҚР ҰБ мен ИБП басқаруы туралы мәлімет кең тарқатылып берілген.

✓ БІЗ САЙТТА МҰРАҒАТТЫҚ АҚПАРАТ ЖАРИЯЛАЙМЫЗ:

1. Қазақстан Республикасы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі оқиғалары «Қор туралы» – «Баспасөз орталығы» – «Арнайы жобалар» – «ҚР жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жылнамасы» бөлімінде жарияланған.
2. БЖЗҚ және МЖЗҚ (Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы Қоры) негізгі оқиғалары «Қор туралы» – «Қор туралы қысқаша» – «БЖЗҚ мен МЭЗҚ негізгі оқиғалары» бөлімінде жарияланған.

✓ БІЗ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ҚЫЗЫҚТЫ, ПАЙДАЛЫ ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАЙМЫЗ:



Әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшалары мен арнасына жазылуға кеңес береміз

✓ БЖЗҚ/ЕНПФ Youtube-арнасы



Біздің арнада – ең соңғы жаңалықтар, ең өзекті ақпарат пен Қор мамандарының пікірі жүктелген. Оларды өз материалдарыңызда пайдалана аласыздар.

<https://www.youtube.com/channel/UCzib0JptagKTWWXsFOvPuaQ>



Қордың барлық филиалдарында өтетін Ашық есік күндері – салымшы/алушылармен араласудың тағы бір көрінісіне айналды. 2020 және 2021 жылдары шара онлайн-форматта өтуде. Журналистер – қадірлі қонақтар! Жыл сайын Қаржы журналистикасы мектебі және студенттермен кездесулер өткізіледі.



Әлеуметтік зерттеулер жыл сайын өткізілуде

Зерттеу тәсілі: 3000 респондентке жаппай сауалнама жүргізу

Географиялық қамту аумағы: Қазақстанның 14 облысы мен республикалық маңыздағы 3 қала.

Мақсатты аудитория: 18 бен 65 жас аралығындағы қазақстандықтар.


Міндеттер:

1. Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін анықтау;
2. Халықтың «БЖЗҚ» АҚ-на сенім арту дәрежесін анықтау.



АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

Жаңалықтарды қандай ақпарат көзінен аласыз?



САЛЫМШЫЛАРМЕН БАЙЛАНЫС:


БЖЗҚ туралы жаңалықтар мен БЖЗҚ қызметі туралы өзге де мәліметтерді қандай ақпарат көзінен аласыз?



Мәліметті БЖЗҚ сайты, мобильдік қосымшасы арқылы алуды жөн көретін қазақстандықтар саны артып келеді және БЖЗҚ байланыс орталығы мен кеңселерінен ақпарат алатын халық саны әлі де көп.


САЛЫМШЫЛАРМЕН БАЙЛАНЫС:

Қалай ойлайсыз, БЖЗҚ қызметі туралы ақпаратты табу оңай ма?



- 1481; 49,37% Негізгі ақпарат барлық тұрғындар үшін қолжетімді;
- 847; 28,23% Ақпарат табу үшін уақыт жұмсап, күш салу керек;
- 488; 16,27% Ақпарат алу мүмкін емес.
- 184; 6,13% Қызықтырмайды.

Қалай ойлайсыз, БЖЗҚ туралы ақпарат жұртшылық үшін түсінікті ме?



- 1421; 47,37% Негізгі ақпарат барлық тұрғындар үшін түсінікті;
- 1029; 34,30% Ақпаратты түсіну үшін уақыт жұмсап, күш салу керек;
- 443; 14,77% Түсініксіз;
- 107; 3,57% Жауап бере алмаймын.

Халыққа қосымша түсіндіруді қажет ететін тақырыптар белгілі болды:

- ✓ зейнетақы жинақтарының, оларды инвестициялаудың негізгі мақсаты;
- ✓ сақталуына кепілдік беру;
- ✓ өз зейнетақыңды болжау мүмкіндігі;
- ✓ ерікті зейнетақы жарналарының төлем мөлшері мен талаптары;
- ✓ бірыңғай жинақтаушы төлемі аясында міндетті зейнетақы жарналарын төлеу.


Зерттеу нәтижелері ҚР халқының арасында жүргізілетін ақпараттық-түсіндірме жұмыстарының стратегиялық тапсырмаларын орындау кезінде ескеріледі.

2022-2026жж. БАЙЛАНЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

- ✓ Жасына байланысты топтар (*әрбір жеке салымшының/алушының жүйеде жұмыс істеу қорытындысы ретінде төлемдерге байланыстыра отырып*);
- ✓ жұмыспен қамту түрі бойынша;
- ✓ тұрғылықты жері мен аймақ бойынша.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТ, МІНДЕТТЕРІ мен оны жүзеге асырудың мақсатты индикаторлары



МАҚСАТ: Зейнетақымен қамсыздандыру саласында халықты хабардар ету деңгейін арттыру және халықтың ЖЗЖ мен БЖЗҚ-ға сенімін нығайту

- ✓ Үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып, зейнетақы қызметін көрсету кезінде әрбір қатысушымен жекелей байланыс орнату;
- ✓ ЖЗЖ мәселелері бойынша жұртшылық және БЖЗҚ серіктестерімен өзара тиімді әрекет ету.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**

Сұрақтарыңызға жауап беруге
дайынбыз

